# ҚАРАҒАНДЫЛЫҚТАР ӨНЕРІН ТАМАШАЛАДЫ

**Бүгін Қарағанды қаласындағы Кеншілер Мәдениет сарайында қазақ сахнасының бұлбұлы атанған әнші, КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Бибігүл Ахметқызы Төлегенованың 95 жылдық мерейтойына арналған ән кеші болып өтті. Арқа төсіндегі өнер сүйер қауым атағы әлемге жайылған әншіні құшақ жая қарсы алды. Атшаптырым Мәдениет сарайында ине шаншар бос орын болмады. Орын жетпегендер тікесінен тік тұрса да риза көңілмен алақан соғып, әнші апаларына құрмет көрсетті.**



Сахна шымылдығын Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Бибігүл Ахметқызының шәкірті Толқын Забирова “Гауһартас” әнімен ашып, келесі кезекте композитор Латиф Хамидидің “Бұлбұлын” тамылжыта шырқады. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Талғат Ыдырысов Е.Хасанғалиевтің “Анаға сәлем” әнін орындап көрермен ықыласына бөленсе, Қали Байжанов атындаты Қарағанды концерттік бірлестігінің жас әншісі Ырысты Рақымжанова Е.Брусиловскйдің “Қос қарлығаш” әнін орындады. Сахна төріне көтерілген әрбір әншіге құшақ-құшақ гүл шоқтарын ұсынған қарағандылық өнер сүйер қауымның ықылас, ниеті дүркін-дүркін шапалаққа ұласты.

Дирижер Ерлан Бақтыгерейдің басшылығымен оркестрдің орындауындағы Құрманғазының “Серпер”, Тәттімбеттің “Саржайлау” күйлері көпшілік көңілінен шығып жатты. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, опера әншісі Азамат Жылтыркөзов Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің “Абай” операсынан Абайдың ариясын, “Тақиялы періште” кинофильмінде Бибігүл Ахметқызы орындаған “Мама” әнін Меруеш Башай нәшіне келтіре орындап, жүрекке жеткізді.

Ән кешінің соңында сахна төріне көтерілген мерейтой иесі, қазақтың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегенова көрермен көпшілікке ризашылығын білдіре келе: “Күн сәрсенбі, концерт белгіленген уақыт түскі төрт болған соң жұрттың бәрі жұмыста болады ғой. Халық аз жинала ма деп қобалжыған едім. Орын жетпей түрегеп тұрған Сіздерді көріп көңілім орнықты. Рахмет!” деп тебірене сөзін аяқтады.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ұлы Дала бұлбұлын мерейлі мерекесімен құттықтап, сый-сияпат көрсетті.

Әншіге тік тұрып қошаметпен қол соққан Қарағанды жұртшылығы Бибігүл Ахметқызын қимай-қимай шығарып салды. “Бұлбұл” әні Арқа аспанында қалықтап тұрып қалғандай әсер алып тарастық..

**Серғазы ҚАБЫЛДАУЛЫ,**
**Қарағанды қаласы.**